



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 7M02303 - Батыс филологиясы

|  |   |
|--|---|
| <b>БІЛІМ БЕРУ<br/>БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ<br/>ПАСПОРТЫ</b> | <p>Бәсекеге қабілетті білім беру жағдайында жоғары академиялық стандарттарға сәйкес заманауи шетелдік филология мен әдебиет саласында терең білімі бар магистрлерді даярлау, лингвистика, батыс филологиясы саласындағы жүйелі білімді қазіргі ғылыми деңгейде қалыптастыру ғылыми зерттеулерді, жобалық жұмыстарды жүзеге асыру.</p>   |
| <b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЙМАҒЫ</b>                        | <ul style="list-style-type: none"><li>- ғылыми зерттеу және білім беру ұйымдары;</li><li>- жобалау ұйымдары;</li><li>- бұқаралық ақпарат құралдары: газеттер мен журналдар, теледидарлар, радиохабарлар, ақпараттық агенттіктер, интернет медиа және соған байланысты ақпараттық коммуникациялар салалары (баспалар, баспасөз қызметтері, жарнама және PR-агенттіктер);</li><li>- редакция және редакция алқасы;</li><li>- мәдениет, әкімшілік мекемелерінде және әлеуметтік-гуманитарлық саланың басқа салаларында;</li><li>- орыс және батыс әдебиетінің көркем шығармаларын кәсіби аудару мен түсіндіруді жүзеге асыратын ұйымдар;</li><li>- әдеби және әдеби-көркем музейлерде;</li></ul> |

**ОҚЫТУ  
НӘТИЖЕЛЕРІ (РО)**

PO1-тәуелсіз зерттеу қызметін жүргізеді;

PO2 - филологияның өзекті мәселелерін шешу үшін қазіргі ғылыми тұжырымдамаларды өздерінің лингвистикалық және әдеби зерттеулерімен байланыстырады;

PO3- өзінің ғылыми және практикалық қызметі үшін негізгі мақсаттар мен олардан туындайтын міндеттерді тұжырымдайды;

PO4-филология саласында шешілетін міндеттердің ғылыми және практикалық құндылығын бағалайды;

PO5 - кәсіби қызмет саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық мәселелерді шешу үшін филологиялық ақпаратты креативті және сыни тұрғыдан түсінеді;

PO6 - бекітілген нысандарға сәйкес ғылыми-практикалық жұмыстардың нәтижелерін дербес талдайды, түсіндіреді және ұсынады;

PO7 қол жетімді мәліметтер негізінде білім беру, коммуникация, басқару процесінде тіл мен әдебиетті қолдануға байланысты қолданбалы мәселелерді көтереді және шешеді;

PO8 - әр түрлі бағыттарда сөйлеу этикет негіздерін қолданып, коммуникативті іс-әрекет субъектілері мен объектілерінің имиджін құра отырып, қақтығыстардың алдын алу және шешу жағдайында кәсіби қарым-қатынас құрады;

PO9 - кәсіби мәселелерді шешу кезінде кәсіби қарым-қатынастың әр түрлі салаларында қабылданған коммуникативті, риторикалық, стилистикалық және лингвистикалық нормаларды қолданады;

PO10 - кәсіби білім беруде көп аспектілі тарату әдістері мен тәсілдерін қолданады;